

«Amanat» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы

**20.12.2018 ж.
Директорлар Кеңесі Шешімімен
Бекітілген
Хаттама**



**Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру
ережелері**

Алматы қ., 2018 ж.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Сақтандыру объектілерінің тізімі	4
3. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі. Сақтандыру сыйлықақысы	4
4. Сақтандыру жағдайларының тізімі	4
5. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері	5
6. Шарттың қолданылу мерзімі және орны	5
7. Шарттың бекітілу тәртібі	6
8. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	8
9. Сақтандыру жағдайы орын алғандағы Сақтанушының әрекеттері	9
10. Сақтандыру жағдайының орын алуын және сақтандыру төлемінің мөлшерін негіздейтін құжаттар тізімі	9
11. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары	10
12. Сақтанушыға не Сақтандырылушыға Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың жетіспеушілігі туралы хабарлау мерзімдері	10
13. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру, не одан бас тарту туралы шешімді қабылдау мерзімдері	10
14. Шарттың тоқтатылу жағдайлары	11
15. Дауларды шешу тәртібі, оның ішінде міндетті сақтандыру жөнінде туындайтын дауларды реттеу ерекшеліктері	11
16. Қосымша шарттар	11

1. Жалпы ережелер

1. Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – заң) сәйкес әзірленді.
2. Осы Ережеге сәйкес «Amanat» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Сақтандырушы) жеке нотариустармен (бұдан әрі - Сақтанушы) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шарттарын жасайды.
3. Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:
 - 1) жеке нотариус - нотариаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия негізінде заңды тұлға құрмай нотариаттық қызметті жүзеге асыратын және аумақтық әділет органында есептік тіркеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматы;
 - 2) жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген жеке нотариустың нотариаттық іс-әрекеттер жасау нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу міндеті;
 - 3) пайда алушы - осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
 - 4) сақтандыру жағдайы - басталған кезде сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
 - 5) сақтандыру омбудсман – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
 - 6) сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
 - 7) сақтандыру сыйлықақысы - сақтанушы сақтандырушыға жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттеме қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
 - 8) сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
 - 9) сақтандырушы - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;
 - 10) сақтанушы - сақтандырушымен жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан жеке нотариус;
 - 11) үшінші тұлға - жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының тарапы болып табылмайтын, жеке нотариустың нотариаттық іс-әрекеттер жасауға байланысты кәсіби міндеттерін орындауы кезінде мүліктік мүдделеріне зиян келтірілген, оларды жүзеге асыру үшін жеке нотариус Қазақстан Республикасының Нотариат туралы заңнамасына сәйкес жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуға міндетті тұлға;
 - 12) франшиза - сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.

2. Сақтандыру объектілерінің тізімі

4. Қазақстан Республикасының Нотариат туралы заңнамасына сәйкес жеке нотариустың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын (бұдан әрі-нотариаттық іс-әрекеттер) жасасуға міндеттейтін қызметті жасауы нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүдделері жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.(бұдан әрі - жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру).
5. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қызметін жүзеге асыратын жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жатады.
6. Жеке нотариустың нотариаттық қызметті жүзеге асыруға байланысты өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын жасасуы оны жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттен босатпайды.

3. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі. Сақтандыру сыйлықақысы

7. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері оның талаптарымен айқындалады және қызметін Республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында жүзеге асыратын нотариустар үшін - кемінде 1 000, өзге нотариустар үшін - Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген кемінде 500 еселенген айлық есептік көрсеткішті құрауға тиіс.
8. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының талаптарымен айқындалған сақтандыру сомасының 4,5 пайызынан аспайды.
9. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеудің тәртібі мен мерзімдері тараптардың келісімімен белгіленеді.
10. Егер жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін сақтанушы сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде бөтен ақшаны заңсыз пайдаланғаны ретінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
11. Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы сақтандыру сыйлықақысын қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.

4. Сақтандыру жағдайларының тізімі

12. Жеке нотариустың нотариаттық іс-әрекеттер жасауы нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады.
13. Сақтандыру жағдайы сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы сот шешімі заңды күшіне енген не сақтанушы үшінші тұлғалардың зиянды өтеу туралы талаптарын

негізді деп таныған және сақтанушының талаптарын мойындай отырып, сақтандырушының келісімі болған күннен бастап басталған болып есептеледі.

5. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері

- 14.** Егер сақтандыру жағдайы келесі себептердің салдарынан болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
- 1) үшінші тұлғалардың сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
 - 2) үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері;
 - 3) сақтанушы нотариустың Қазақстан Республикасының Нотариат туралы заңнамасында айқындалған функциялары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруы;
 - 4) нотариус қызметінің аумағына қатысты Қазақстан Республикасының Нотариат туралы заңнамасының талаптарын бұза отырып, сақтанушы жасаған нотариаттық іс-әрекеттер.
- 15.** Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз бола алады:
- 1) сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы;
 - 2) заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу;
 - 3) сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге және келтірілген зиянның мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі.
- 16.** Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені не сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етпейтіні дәлелденбесе, оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.
- 17.** Сақтандыру жағдайы төменде келтірілген себептің салдарынан туындаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:
- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың әсері;
 - 2) әскери іс-қимылдар;
 - 3) азаматтық соғыс, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер.
- 18.** Сақтандырушының сақтандыру төлемін Ереженің 5-бөлімінде көзделмеген негіздемелер бойынша төлемеуіне құқығы жоқ.

6. Шарттың қолданылу мерзімі және орны

- 19.** Егер жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда шарт сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын, ал оны бөліп төлеу кезінде-бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
- 20.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.

21. Сақтандыру қорғауының қолданылу кезеңі жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
22. Егер жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

7. Шарттың бекітілу тәртібі

23. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асырған кезде мүліктік мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін үшінші тұлғаның пайдасына сақтандырушы мен сақтанушы арасында Заңға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.
24. Жеке нотариус нотариаттық іс-әрекеттер жасағанға дейін өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуға міндетті.
25. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында моральдық зиянды, жіберіп алған пайданы өтеуді және тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда, сақтанушы нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде үшінші тұлғаларға зиян келтіру салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.
26. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуы мүмкін. Аталған сақтандырушы үшін мұндай шартты жасасу міндетті болып табылады.
27. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.
28. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің мазмұны мен ресімделуі жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарында белгіленеді.
29. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуге жататын талаптардың толық еместігі үшін сақтандырушы жауапты болады. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау сақтанушының пайдасына шешіледі.
30. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша өтініш беру не сақтанушы мен сақтандырушының арасында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, электрондық нысанда ақпарат алмасу жолымен жасалуы мүмкін.
31. Егер Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының немесе үшінші тұлғалардың жағдайын осы Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптарда жасалса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушы мен үшінші тұлғалардың алдында осы Заңда белгіленген талаптарда міндеттемелер көтереді.
32. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасаған кезде сақтандырушының интернет-ресурсы сақтанушы (пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу үшін пайдаланылады. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу үшін өтініш берген кезде сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану

- талап етілмейді. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын электрондық нысанда жасасу үшін пайдаланылатын сақтандыру ұйымдарының интернет-ресурстарының тізбесі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады.
- 33.** Сақтанушы (пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
- 34.** Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын Сақтандырушы өзінің интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу кезінде келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі қажет:
- 1) Сақтанушыға шартты жасасу не оны жасасудан бас тарту туралы хабарламаны (бас тарту себептерін көрсете отырып) электрондық хабарлама түрінде дереу жіберу;
 - 2) Сақтанушының шарт бойынша ақпаратты ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы тексеру мүмкіндігі;
 - 3) Сақтанушы үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, Шартты электрондық нысанда сақтау;
 - 4) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) Сақтандырушының ақпаратты электрондық нысанда (өтініштерді, хабарламаларды және (немесе) өзге де құжаттарды, мәліметтерді) төмендегі мақсаттарда жасау және жіберу мүмкіндігі: мәліметтерді өзгерту, Шартты қайта ресімдеу; Шартты мерзімінен бұрын тоқтату; сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлау; келтірілген зиянның мөлшерін анықтау; сақтандыру төлемін алу.
- Шарт жасасу туралы хабарлама деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.
- Шарт жасасу туралы хабарлау тәртібі және хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
- 35.** Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып Шарт жасалған кезде, егер Шартта өзгеше көзделмесе, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда алғашқы сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап Сақтандырушы ұсынған талаптарда Шарт жасалған болып есептеледі.
- 36.** Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып Шарт жасасқан кезде Сақтанушы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген сақтандырудың үлгі шарттарымен не осы Ережелермен танысқаннан кейін, сол арқылы өзіне ұсынылған талаптарда шарт жасасуға өзінің келісімін растай отырып, сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу жағдайында бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді.
- 37.** Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын тәулік бойы жасасу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
- 38.** Сақтандыру агенттерінің сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы электрондық нысанда сақтандыру шарттарын жасасуға арналған сақтандыру ұйымдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметіне жол берілмейді.

8. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

- 39.** Сақтанушының құқықтары:
- 1) Сақтандырушыдан Шарт бойынша сақтандыру талаптарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету;
 - 2) Сақтандырушының қаржы есептемесімен танысу;
 - 3) Заңда көзделген тәртіп пен талаптарда сақтандыру төлемін алу;
 - 4) жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Ереженің 59-61-тармақтарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгіну;
 - 5) өтініш пен қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалына, өкілдігіне) жіберу.
- 40.** Сақтанушының міндеттері:
- 1) Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеу;
 - 2) жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушыға Заңның талаптарына сәйкес мәліметтер беру;
 - 3) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға кері талап ету құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.
- Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.
- 41.** Сақтандырушының құқықтары:
- 1) жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушыдан жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері туралы ақпарат және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті өзге де мәліметтер беруді талап ету;
 - 2) Заңда көзделген жағдайларда зиян келтіргені үшін жауапты адамға кері талап қою құқығын беру;
 - 3) Заңда көзделген жағдайларда зиян келтіргені үшін жауапты адамға кері талап қою құқығын бере;
 - 4) Ереженің 5-бөлімінде көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тарту.
- 42.** Сақтандырушының міндеттері:
- 1) сақтанушыны жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен таныстыруға, оның жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;
 - 2) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын толық немесе ішінара қайтару;
 - 3) сақтандыру жағдайының туындаған фактісін және сақтандырушы өтейтін зиян сомасын растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, өтініш берушіге оны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жеткіліксіз және (немесе) дұрыс рәсімделмеген құжаттардың толық тізімін көрсете отырып хабарлау;
 - 4) сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін жасау;

5) Сақтанушының (Пайда алушының) өтінішін алған кезде 5 (бес жұмыс) күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) талабын қарауға және дауды реттеудің келесі тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап беру;

6) Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру омбудсманына жіберілген өтініштерін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге міндетті;

7) сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарды өтеу;

8) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

9) сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

Сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

9. Сақтандыру жағдайы орын алғандағы Сақтанушының әрекеттері

43. Сақтанушының міндеттері:

1) үшінші тұлғаның нотариаттық іс-әрекеттер жасау нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы талап немесе талап арыз беруі туралы белгілі болғанда, дереу, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы сақтандырушыға қол жетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлау;

2) сақтанушыда келтірілген зиянды өтеу міндеті пайда болған оқиғаның себептері, барысы және салдары туралы, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерін анықтауға мүмкіндік беретін өзіне қол жетімді барлық ақпарат пен құжаттаманы сақтандырушыға беру;

3) сақтандырушыға үшінші тұлғалардың зиянды өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысу мүмкіндігін беру;

4) сақтандыру жағдайынан болған залалды болғызбау немесе азайту жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

10. Сақтандыру жағдайының орын алуын және сақтандыру төлемінің мөлшерін негіздейтін құжаттар тізімі

44. Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талапты сақтанушы немесе үшінші тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттармен жазбаша нысанда ұсынады. Өтініш берушінің өтініші бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін төлем электрондық төлемдер немесе электрондық құжаттар түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электронды түрде жіберілуі мүмкін. Сонымен бірге, сақтандыру төлемін электронды түрдегі талап ету сақтандырушыға құжаттардың түпнұсқаларын ұсынудан босатпайды.

45. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) келтірілген залалды және оның мөлшерін растайтын құжаттарды немесе сақтандыру полисін ұстаушы нотариаттық іс-әрекеттердің нәтижесінде келтірілген залалды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімін үшінші тұлғалардың залалды өтеу туралы талабы;

2) пайда алушының жеке куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхат;

- 3) зиянның алдын алу және азайту жөніндегі шараларды қабылдаумен байланысты шығындарды растайтын құжаттар.
46. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізімін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге міндетті. Егер сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру төлемін төлеу туралы талапты электронды түрде жіберсе, сақтандырушы оған осы анықтаманы электронды түрде бере алады.
47. Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты қолданылу кезеңінде үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды сақтандыру төлемі туралы талап сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап үш жыл ішінде ұсынылуы мүмкін.

11. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

48. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушының пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап ету құқығын шектейтін шарттарды қабылдауды талап етуге құқығы жоқ.
49. Жеке нотариустың нотариаттық іс - әрекеттер жасауы нәтижесінде зиян келтірілген үшінші тұлға, ал үшінші тұлға қайтыс болған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда-оның мұрагерлері (құқық мирасқорлары) пайда алушы болып табылады.
50. Үшінші тұлғаға (мұрагерлерге (құқық мирасқорларына) келтірілген зиянды сақтандырушының Заңда белгіленген жауапкершілігі көлемінің шегінде өтеген және сақтандырушыдан өз шығыстарын өтеу құқығын алған Сақтанушы немесе өзге тұлға пайда алушы бола алады.

12. Сақтанушыға не Сақтандырылушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың жетіспеушілігі туралы хабарлау мерзімдері

51. Сақтандыру жағдайының басталғанын және сақтандырушыға келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда, сақтандырушы өтініш берушіге құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және / немесе дұрыс емес толтырылған құжаттардың толық тізімін көрсете отырып хабарлауға міндетті.

13. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру, не одан бас тарту туралы шешімді қабылдау мерзімдері

52. Сақтандыру төлемін сақтандырушы Ереженің 10 бөлімінде көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.
53. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының тараптары немесе үшінші тұлғалар дауласқан жағдайда, сақтандырушы сақтандыру төлемін Ереженің 52-тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың бірде-бірі дауламайтын бөлігінде жүзеге асыруға міндетті.
54. Сақтандыру төлемінің даулы бөлігін сақтандырушы бітімгершілік келісім жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап не осы дау бойынша сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төленуге тиіс.
55. Егер сақтандырушының сақтандыру төлемін жасауынан бас тартуға негіздер болса, сақтандырушы Ереженің 10-бөлімінде қарастырылған құжаттарды алған күннен

бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін алуға өтініш берген адамға сақтандыру төлемін толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімін жазбаша түрде бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін жіберуге міндетті.

14. Шарттың тоқтатылу жағдайлары

- 56.** Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:
- 1) шарттың қолданылу мерзімінің өтуі;
 - 2) шарттың әрекетін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 3) сақтандырушының жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының талаптарында айқындалған сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асыруы.
- 57.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың тәртібі, талаптары мен салдары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айқындалады.

15. Дауларды шешу тәртібі, оның ішінде міндетті сақтандыру жөнінде туындайтын дауларды реттеу ерекшеліктері

- 58.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сақтанушы (пайда алушы) сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша өтініш жіберуге не сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі) неме жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сотқа өтініш жіберуге құқылы.
- 59.** Сақтандырушы Сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтініш алған сәттен бес жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап беруі тиіс.
- 60.** Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының, Пайда алушының, сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды бойынша сұранысты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

16. Қосымша шарттар

- 61.** Ережеде айтылмаған барлық мәселелер тараптар жасасқан шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
- 62.** Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілетін өзгерістер нәтижесінде Ереженің жекелеген тармақтары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, онда олардың күші жойылады және ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормалары қолданылады. Бұл ретте Ереженің жекелеген тармақтарының күшін жоғалтуы жалпы ережелердің жоғалуына немесе жарамдылығына әкеп соқпайды.

Акционерное общество «Страховая компания «Аманат»

**Утверждены
Решением Совета директоров
Протокол от 20.12.2018 г.**



**Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности частных
нотариусов**

г. Алматы, 2018 г.

Оглавление

1. Общие положения	3
2. Перечень объектов страхования	4
3. Порядок определения страховых сумм. Страховая премия	4
4. Перечень страховых случаев	5
5. Исключение из страховых случаев и ограничение страхования	5
6. Срок и место действия договора страхования	6
7. Порядок заключения договора страхования	6
8. Права и обязанности сторон	8
9. Действия страхователя при наступлении страхового случая.....	10
10. Перечень документов, подтверждающих наступление страхового случая и размер убытков	10
11. Порядок и условия осуществления страховых выплат	11
12. Срок уведомления страхователя или застрахованного о недостающих документах, необходимых для осуществления страховой выплаты.....	11
13. Срок принятия решения о страховой выплате или отказе в страховой выплате ...	11
14. Условия прекращения договора страхования	12
15. Порядок разрешения споров, в том числе особенности урегулирования споров по обязательному страхованию.....	12
16. Дополнительные условия.....	12

1. Общие положения

1. Настоящие Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности частных нотариусов (далее - Правила) разработаны в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности частных нотариусов» (далее – Закон).
2. В соответствии с настоящими Правилами, Акционерное общество «Страховая компания «Amanat» (далее - Страховщик), заключает договоры обязательного страхования гражданско-правовой ответственности с частными нотариусами.
3. Основные понятия, используемые в настоящих Правилах:
 - 1) частный нотариус - гражданин Республики Казахстан, осуществляющий нотариальную деятельность без образования юридического лица на основании лицензии на право осуществления нотариальной деятельности и прошедший учетную регистрацию в территориальном органе юстиции;
 - 2) гражданско-правовая ответственность частного нотариуса - установленная гражданским законодательством Республики Казахстан обязанность частного нотариуса возместить вред, причиненный в результате совершения нотариальных действий;
 - 3) выгодоприобретатель - лицо, которое в соответствии с настоящим Законом является получателем страховой выплаты;
 - 4) страховой случай - событие, с наступлением которого договор страхования предусматривает осуществление страховой выплаты;
 - 5) страховой омбудсман - независимое в своей деятельности физическое лицо, осуществляющее урегулирование разногласий между участниками страхового рынка в соответствии с Законом Республики Казахстан «О страховой деятельности»;
 - 6) страховая сумма - сумма денег, на которую застрахован объект страхования и которая представляет собой предельный объем ответственности страховщика при наступлении страхового случая;
 - 7) страховая премия - сумма денег, которую страхователь обязан уплатить страховщику за принятие последним обязательства произвести страховую выплату выгодоприобретателю в размере, определенном договором обязательного страхования гражданско-правовой ответственности частного нотариуса;
